

## Қызылорда қаласы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 09 қарашадағы № 6395 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 23 қарашада № 5648 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 19 шілдедегі № 317 бұйрығына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда қаласы бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша өтінімді ұсыну мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Молдабаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің

міндетін атқарушы

А. Шәменов

Қызылорда қаласы әкімдігінің  
2016 жылғы "9" қарашадағы  
№ 6395 қаулысына қосымша

## Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша өтінімді ұсыну мерзімдері

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдары	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің басталуы	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің аяқталуы

1	Күріш	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл
2	Дәндік жүгері	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл
3	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіретін дәндік жүгері	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл
4	Майлы дақылдар	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл
5	Картоп	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл
6	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіретін картоп	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл
7	Көкөністер	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл
8	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіретін көкөністер	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл
9	Бақшалық дақылдар	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл
10	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіретін бақшалық дақылдар	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл
11	Қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары (фермерлік жылыжайлар) (екі дақыл айналымы)	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл
12	Сүрлемдік жүгері	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл
13	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіретін сүрлемдік жүгері	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл
14	Бірінші жылғы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл
15	Екінші және үшінші жылғы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	18.11.2016 жыл	12.12.2016 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК